

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

Көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) өтініш;
 - 2) жеке басын куәландыратын құжат
 - 3) білімі туралы диплом;
 - 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);
 - 5) жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат.
 - 6) біліктілік санатын беру туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты болған адамдар үшін);(бала күтіміндегі демалыстан шыққаннан кейін біліктілік тест тапсыруға 1 жылдан соң өтініш бере алады.)
 - 7) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар; (білім алушылар қатысатын, аттестацияға жарамды олимпиадалар №232 бұйрықта көрсетілген)
 - 8) педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санатына-тәжірибені жинақтау;
 - 9) сабақтарды талдау, әріптестердің, басшының орынбасарларының, басшының, әдіскерлердің, ата-аналардың пікірлері; (сабақты бақылау парағын педагог-модератор – 2, педагог-сарапшы – 3, педагог-зерттеуші – 3, педагог-шебер – 4. №533 бұйрықтың 9 қосымшасында көрсетілген)
 - 10) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді;
 - 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13420 болып тіркелген) сәйкес тізімге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат және кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар және жалпылау, комиссия білім басқармаларының және ҚР ОМ (ведомстволық бағынысты ұйымдар) ресми сайттарында немесе ақпараттық жүйелерде қарайды;
 - 12)білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін растайтын құжаттарды (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК, ППТК, ОО педагогтерін қоспағанда) аттестаттау комиссиясы білім басқармаларының және "Дарын" РҒПО-ның ресми сайттарында немесе ақпараттық жүйелерде білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен жарыстардың тізбесіне сәйкес қарайды.
- Ақпараттық жүйе болмаған жағдайда өтініш беруші растайтын құжаттарды қағаз форматта тіркейді.